2) баланы әлеуметтендіруді қамтамасыз ететін құқықтар. Сондай-ақ олар сала бойынша әртүрлі. Отбасы-құқықтық сипаты отбасында тұруға және тәрбиеленуге құқығы бар екендігі. Баланы әлеуметтендіруді қамтамасыз ететін басқа да құқықтар (мысалы, білім алуға, мәдениетке үйрену, тілге, өз халқының дініне құқылы), баланың негізгі жалпы білім алуын қамтамасыз ету жауапкершілігі ата-анаға (олардың орнындағы адамдарға) жүктеледі, ішкі отбасылық қатынастарда жүзеге асырылады. Дегенмен, бұл құқықтардың мазмұны олардың мемлекеттік-құқықтық, әкімшілік және басқа да құқықтық қатынастарда жүзеге асырылуын білдіреді.

3) сыртқы әлемде баланың жеке басын іске асыратын конституциялық және салалық құқықтар.Бұл топтың құқықтарына: баланың бірлестіктер бостандығы және бейбіт жиналыстар бостандығына құқығы, түрлі ұлттық және халықаралық негізден алынған ақпаратқа және материалдарға, демалыс және бос уақытқа, ойынға және ойын-сауық іс-шараларына қатысуға, мәдени өмірге қатысуға және өнермен айналысуға құқығы жатады. Отбасылық-құқықтық қатынастарда баланың өз мүдделерін қозғайтын барлық мәселелер бойынша өз пікірін және көзқарасын еркін білдіру құқығы жүзеге асырылады;

4) құқықтық қорғау тетігін жандандыруға (жаңартуға) мүмкіндік беретін баланы қорғауды қамтамасыз ететін құқықтар. Оларға баланың отбасында және одан тыс жерлерде қорғану құқығы; мемлекет тарапынан арнайы қорғау және көмек көрсету жатады [1, 12-13].

Қазақстан Республикасының «Неке (отбасы) және отбасы туралы» Кодексі кәмелетке толмаған балалардың мынадай жеке мүліктік емес құқықтарын белгілейді[1].

Баланың ең маңызды құқықтарының бірі - оның отбасында тұру және тәрбиелену құқығы. Тек отбасы толыққанды тұлға және азамат қалыптастырады, тек сонда ғана әрі қарай дамудың іргетасы қаланады.

Отбасылық тәрбие баланың қалыпты, моральдық, интеллектуалды, әлеуметтік, рухани дамуына, оның болашақта білімін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ешқандай қоғамдық тәрбиелеудің нысандары балаға отбасын алмастыра алмайды, тіпті сәтсіз отбасы болғанда да. Бұл құқықтың мазмұны мыналарды қамтиды: - біріншіден, өз ата-аналарын білу, және екіншіден, олармен бірге өмір сүру құқығы. Сонымен қатар, бала отбасы дегенді тек ата-аналар мен баладан тұратын отбасы ретінде ғана емес, басқа да бала өсіп жатқан отбасыларды, асырап алушылар, қорғаншылар, қамқоршылар, асырап алушы ата-аналар, қорғаншы отбасылары мен нақты тәрбиешілер отбасы деп түсінуі тиіс. Отбасында тәрбиелеу құқығындағы ең маңызды элемент - баланы отбасылық тәрбиелеудің басымдығы және баланы әдеттегі ортаны өзгертуден туындайтын психологиялық жарақаттардан қорғау.

Іс жүзінде ата-аналардың баланы тәрбиелеудегі міндеттерін бөлу, бір жағынан заңда көрсетілгендей дамыту, ал екінші жағынан – бала тәрбиелеу әдіс-тәсілдерінде бала құқықтарын бұзбау, қатыгез, дөрекі, кемсітушілік ара жігін ажырату өте қиын. Баланың бұл құқығы және ата-аналарының тиісті міндеттері моральдық-этикалық, адамгершілік нормалар, өмір сүру ережелері мен қағидалары саласына қатысты және тек баланың құқықтарын бұзған жағдайда ғана осы қатынастарды құқықтық реттеу туралы айтуға болады.

Өкінішке орай, Қазақстан Республикасында 2017 жылға дейінгі балалардың жағдайы туралы есеп бойынша, 2017 жылы Қазақстанда 27 274 жетім бала мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тіркелген[2].

---

[1] *Қазақстан Республикасының «Неке (отбасы) және отбасы туралы» Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл. // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518*

[2] *Доклад о положении детей в Республике Казахстан. Астана, 2017 год // http://www.bala-kkk.kz/sites/default/files/upload/files/Доклад%20% 20рус%20Финал% 21-книга% 2C....%283%29.pdf// Report on the situation of children in the Republic of Kazakhstan. Astana, 2017http://www.bala-kkk.kz/sites/default/files/upload/files/ Доклад%20%20рус%20Финал%21-книга%2C....%283%29.pdf*

Халықаралық деректермен салыстыра қарағанда, әзірге Қазақстандағы интернат мекемелеріндегі балалардың саны көрші мемлекеттердегі бала санына қарағанда едуір жоғары елдердің бірі болып тұр.

Мемлекет жетім балалардың отбасында тұруы мен тәрбиеленуі үшін жағдай жасап күш салып отыр. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғау саласындағы қазақстандық саясат қолданыстағы жүйені деинституционализациялауға және балаларды отбасыларға орналастыруға бағытталған.

Қазақстан заңнамасына «қонақжай отбасылар», «қамқоршы отбасылар» ұғымдары енгізілген, «Республикалық жетім балалардың деректер қоры, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және балаларды өз отбасыларында асырап алуға тілек білдірушілер қоры» құрылған. Соңғы бес жылда балалар үйлері азайып, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қамқорлықтың балама түрлеріне: патронаттық, асырап алатын отбасылар, отбасылық үлгідегі балалар үйлеріне орналастыру іске асырылуда. Барлық 27,274 баланың 21,051 деинституттандырылған (отбасыларға орналастырылған), 18,941 бала (69%) қамқорлыққа алынған, 1900 бала (7%) патронаттық тәрбиеленуде, 92 бала (0, 3%) асырап алушылар отбасыларында тәрбиеленеді, отбасылық үлгідегі балалар үйінде - 118 бала (0,4%). Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған - 6223 бала (23%), жаңа отбасы табылғанша 138 балаларға арналған ұйымдарда тұрып жатыр[3].

ҚР Білім және ғылым министрлігінің жариялаған мәліметтеріне сәйкес, 2020 жылға дейін Қазақстанда отбасылық үлгідегі 9 балар үйі пайда болады. Бүгін республикада 15 балалар үйі мен 11 отбасылық үлгідегі балалар деревнясы қызмет етуде [2]. Қарағанды облысында соңғы 5 жыл ішінде балалар үйінде тәрбиеленушілердің саны 100-150 адамға кеміген. 2013 жылдан бастап 2 балалар үйі, 1 жасөспірімдер үйі, 3 жетім балалар үйі, соның ішінде 1 жеке меншікте жабылған. Бірақ, «әлеуметтік жетімдер» санатына жатқызылған балалардың саны азаймай отыр [3, 103].

Жетім балаларды отбасылық орналастыру нысандарының ішінде бала асырап алу мәнді болып табылады. Бала құқықтары туралы Конвенцияға (21-бап) сәйкестендіріп ұлттық заңнамада қазақстандық азаматтардың бала асырап алуға басым құқығы бекітілген, сондай-ақ қазақстандық азаматтардың балаларды асырап алу тәртібі жеңілдетілген (ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 13-тарауы).

Баланың мүдделерін жоғары деңгейде қамтамасыз ету қағидасының сақталуына кепілдік беретін 1993 жылғы 29 мамырда Гаагада қабылданған «Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы» конвенцияның нормалары ұлттық заңнамаға имплементацияланды[4]. Конвенцияның қойған талаптары бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасында шетелдік бала асырап алуға қатысты міндеттерді орындау үшін орталық орган ретінде тағайындалды.

ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 84-бабының 4-бөлімі бойынша: «Баланы туыстары, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерде тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары асырап алмаған жағдайларда ғана Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Республикалық деректер банкінде орталықтандырылған есепте тұрған балалар шетелдіктерге асырап алуға берілуі мүмкін».

Сонымен қатар, сот тәжірибесі көрсеткендей, жеке жағдайларда соттар заң талаптарын бұзған. Мысалы, Қарағанды облыстық ювеналдық сотымен Испания азаматтары Г. және С.-тің арыздары бойынша 2012 жылы туылған кәмелетке толмаған А. – қыз баланы асырап алу туралы іс қаралған. Істі сот талқылауына әзірлеу кезінде уәкілетті органдардың кәмелетке толмаған баланың туысқандарын іздестіру және баланы Қазақстан азаматтарының асырап алу мүмкіндіктерін іздестіру бойынша жұмыстарды жүргізбегендерін сот анықтамаған. Тиісінше, сотқа қажетті материалдар табысталмаған.

«Ботакөз» Балалар үйі» атты мемлекеттік мекеме бала туралы анкета берумен шектелген, онда баланың туысқандары жоқ деп формальды түрде атап көрсетілген. Сондай-ақ баланы бастапқы, аймақтық және орталықтандырылған есепке тіркеу сәттерінен бастап сол баланы асырап алғысы келетін туысқандарына немесе Қазақстан Республикасының азаматтарына асырап алуға ұсынылғанын растайтын мәліметтер іс материалдарында жоқ болып шықты. Осындай мән-жайларға қарамастан сот Кодекстің 3-бабының 3-бөлімін бұзып,

---

[3] *Доклад о положении детей в Республике Казахстан. Астана, 2017 год // http://www.bala-kkk.kz/sites/default/files/upload/files/Доклад%20% 20рус%20Финал% 21-книга% 2С....%283%29.pdf// Report on the situation of children in the Republic of Kazakhstan. Astana, 2017http://www.bala-kkk.kz/sites/default/files/upload/files/ Доклад%20%20рус% 20Финал%21-книга%2С....%283%29.pdf*

[4] *«Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 12 наурыздығы № 253-IV Заңы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000253_*

жоғарыда аталған шетелдік асырап алушы азаматтардың арызын қабылдаған және істі мәні бойынша қараған.

Осындай формальдық әрекет сотпен келесі азаматтық іс қаралған жағдайда да орын алған: Франция азаматтары О. және А.-ның 2012 жылы туылған кәмелетке толмаған Г. – қыз баланы асырап алу туралы арызы бойынша азаматтық іс қаралған. Іс материалдарынан белгілі болғандай, Қазақстан азаматтарына асырап алуға ұсынылған балалардың тізімі іске тіркелген, алайда асырап алу сәтінде Г. тегімен тіркелген бала осы тізімде жоқ болып шықты.

Ақтөбе облысы ювеналдық сотында Канада азаматтары Д. және Я.-ның 2011 жылы туылған кәмелетке толмаған Т.-ны асырап алу туралы арызы қаралған. Баланың анасы кәмелетке толмаған. Іс материалдарында Хромтау ауданы Дон кентінде тұратын баланың әжесі туралы мәлімет болған. Бірақ, шетелдік азаматтардың баланы асырап алуы туралы істі жүргізу барысында қамқоршылық және қорғаншылық органы осындай мән-жайға қарамастан баланың басқа да туысқандарын анықтамаған, баланы туысқандарының отбасына беру мүмкіндіктерін қарастырмағаны белгілі болды[5].

Сонымен, тәжірибе материалдарын зерттеу нәтижесінде анықтағанымыз, баланы туысқандарына немесе Қазақстан Республикасы азаматтарына тәрбиелеуге немесе асырап алуға беру мүмкіндіктерін іздестіру туралы мәселе кейбір соттармен формальды түрде айқындалады және балалар үйінің бастықтарының анықтамаларымен рәсімделеді, онда баланы Қазақстан азаматтары тарапынан асырап алуға өтініш білдірілмеді деген мәліметтер көрсетілген, қамқоршылық және қорғаншылық органдарының қорытындыларында да осындай мәліметтер берумен шектелген.

Халықаралық құқық нормасы – «Бала құқықтары туралы» конвенцияда көрсетілген баланың ата-анасын білу құқығы (7-бап)[6] ұлттық заңнамада іске асырылмаған. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі бала асырап алу құпиясын белгілейді және ол заңмен қорғалады. «Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың лауазымды тұлғалары, ата-аналар, туыстар, бала асырап алуда мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар; бала асырап алу туралы шешім қабылдаған судьялар, сондай-ақ баланы асырап алу туралы хабардар болған басқа адамдар асырап алу құпиясын сақтауға міндетті (102-бап). Осылайша, асырап алынған баланың өзінің биологиялық ата-анасын білу құқығы бұзылады.

Бала асырап алудың құпиялығын қамтамасыз ету үшін заңда мынадай кепілдіктер белгіленеді:

- асырап алушының өтініші бойынша асырап алынған баланың туған күні, алты айдан аспайтын мерзімге ғана сот шешімі бойынша өзгеруі мүмкін. Асырап алған баланың туған күніндегі өзгерістерге тек үш жасқа толмаған баланы асырап алған жағдайда ғана жол беріледі.

- туған жері. Асырап алған баланың туған жерінің өзгеруі тек Қазақстан Республикасының аумағында жасалады және баланың жасына қарамастан бала асырап алушының еркі бойынша жол беріледі (98-бап).

Біздің менталитетімізде бала асырап алудың құпиясын басқалардан және баланың өзінен жасыру норма болып табылады. Кеңестік дәуірден бері асырап алу құпиясына қатысты өзгеріс болған жоқ. Асырап алған ата-аналар тарапынан алдау, сатқындық балаға психологиялық жарақат әкелуі мүмкін. Бүгінгі күні ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алуға, тәрбиелеуге отбасына алуға, асырауға қоғамның көзқарасы өзгерген, сәйкесінше асырап алуға деген қатынасты да түбегейлі өзгерту қажет және бұл қоғамда қалыпты құбылыс болуы керек.

ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің нормалары Конвенцияның талаптарына сәйкестендірілген. ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 95-бабында Он жасқа толған баланы асырап алу үшін оның келісімі қажет. Баланың асырап алуға келісімін ата-аналарының не баланың басқа да заңды өкілдерінің, прокурордың қатысуымен сот анықтайды» деп атап көрсетілген.

Алайда, ҚР Азаматтық процесстік кодексінің 314-бабында: «Бала асырап алу туралы істерді сот бала асырап алушылардың өздерінің (бала асырап алушының), қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен қарайды. Қажет болған жағдайларда сот асырап алынатын баланың ата-аналарын (ата-анасын) немесе өзге де заңды өкілдерін, оның туысқандарын және басқа да мүдделі тұлғаларды, сондай-ақ он жасқа толған баланың өзін іске қатысуға тарта алады» делінген.

Мәселен, Ақтөбе облысы ювеналдық соты 2013 жылы 17 маусымда қаралған аза-

---

[5] *Обобщение судебной практики рассмотрения гражданских дел об усыновлении (удочерении) от 13.04.2013 года // Источник: Информционная система «Параграф», 10.02.2016.*

[6] *«Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400_*

маттық іс бойынша 1998 жылы туылған А.-қыз баланы асырап алу туралы азамат И.-дың арызы қанағаттандырылған. Істі қарау сәтінде А. – 14 жасқа толған, соған қарамастан сотта істі қарау барысында қатыстырылмаған, іс материалдарына білім беру органына жолданған баланың өзін асырап алу туралы жазбаша өтініші тіркелген. Сот отырысына баланың ата-анасы қатыстырылмаған[7].

Бұл норма Бала құқықтары туралы Конвенцияның 12-бабына толық сәйкес келмейді деп есептейміз, онда балаға оған қатысты барлық мәселелер бойынша осы ой-пікірлерді еркін білдіру құқығын қамтамасыз ету міндеттелген, бұл ретте баланың жасына және өсіп-жетілуіне сәйкес баланың ой-пікіріне тиісті түрде назар аударылады. Осы мақсатпен, атап айтқанда, балаға қатысты кез келген сот немесе әкімшілік іс қарау барысында не тікелей өзі не болмаса өкілі немесе тиісті орган арқылы ұлттық заңнаманың процессуалдық нормаларымен көзделген тәртіпте оны тыңдау мүмкіндігі беріледі.

Ал, сот тәжірибесінде заңның бұл талабы кейбір жағдайларда мүлдем сақталмайды. Мәселен, Ақмола облысы ювеналдық сотында азамат Н.-ның арызы бойынша жұбайының бірінші некесінен туылған, 1999 жылы туылған К. – қыз баланы асырап алу туралы азаматтық іс қаралған. Істі қарау сәтінде қыз бала 14 жасқа толған. Сот отырысына кәмелетке толмаған К. қатыспаған, оны өгей әкесі Н.-ның асырап алуына келісімі сотпен анықталмаған. Арыз қанағаттандырылған.

Осы сотпен азамат Б.-ның жұбайы М.-ның 2004 жылы туылған қызын асырап алу туралы арызы қаралған. Соттың шешімімен арыз қанағаттандырылған. Сот шешімі шығарылған сәтте қыз бала 10 жасқа толғанына қарамастан, сот қыз баланың оны асырап алуға келісімін алмағаны белгілі болды[8].

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінде баланың өз пікірін білдіру құқығы бекітілген. «Бала отбасында өз мүдделеріне әсер ететін кез-келген мәселе бойынша шешім қабылдаған кезде өз пікірін білдіруге құқылы, сондай-ақ кез-келген сот немесе әкімшілік талқылау бойынша тыңдалуы керек. Он жасқа толған баланың пікірін ескеру, міндетті болып табылады» (62-бап).

М.В. Антокольскаяның айтуынша, баланың өз пікірін білдіруге құқығы төмендегілермен ерекшеленеді: баланың пікірін ескеру, біріншіден, ол тыңдалады; екіншіден, егер сіз баланың пікірімен келіспесеңіз, онда оның мүдделерін қозғайтын мәселелерді шешетіндер не себепті баланың тілектерін орындамау керек деп есептейтінін дәлелдеуі керек [4, 189]. Он жасқа толған баланың пікірін ескеру, оның мүдделеріне қайшы келетін жағдайды қоспағанда, міндетті болып табылады.

Осы уақытқа дейін Қазақстанның ұлттық заңнамасы «Баланың құқықтары туралы» Конвенцияның 12-бабында бекітілген балаға әсер ететін барлық мәселелер бойынша өз пікірін еркін білдіру құқығын жүзеге асырмайды. Бала пікірін айтуға болатын 10 жасқа дейінгі жас шамасы Конвенцияның 12-бабына қайшы келеді, онда «баланың көзқарасына баланың жасына және жетілуіне сәйкес назар аударылатыны» қарастырылған». Сот тәжірибесін талдауы баланың тұрғылықты жері туралы азаматтық істерді қарау кезінде, бөлек тұратын ата–аналар баламен қарым-қатынас уақытын белгілегенде, ата-анасына, туысқандарына байланысы жасына қарамастан, баланың пікірін ескеру қажеттілігін растайды[9].

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 62-бабына сәйкес он жасқа толған баланың пікірін өз мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда ескеру міндетті, егер ол он жасқа толса балаға сауалнама жүргізіледі, бұл «Бала құқықтары туралы» Конвенцияға ғана емес, сондай-ақ келтірілген ережеге де қайшы келеді.

Осы қарама-қайшылықтарды жою және сот тәжірибесін біртұтастығын қамтамасыз ету үшін, өз мүдделеріне әсер ететін кез-келген мәселені шешу кезінде он жасына қарамастан өз көзқарасын қалыптастыра алатын баланың пікірін ескеру қажет. Осыған байланысты, баланың заңнамада белгіленген ең төменгі жасын жою ұсынылады, кәмелетке толмаған баланың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын істерде сот талқылауы барысында өз көзқарасын білдіре алатын бала тыңдалуға құқылы.

Бала құқықтары туралы конвенцияның 8-бабы қатысушы-мемлекет баланың өз жеке басын, оның ішінде азаматтығын, атын және отбасылық қатынастарын занда қарастырылғандай сақтау құқығын, заңсыз араласуға жол бермеу міндетін қарастырады .

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы ту-

[7] *Обобщение судебной практики рассмотрения гражданских дел об усыновлении (удочерении) от 13.04.2013 года // Источник: Информционная система «Параграф», 10.02.2016.*

[8] *Обобщение судебной практики рассмотрения гражданских дел об усыновлении (удочерении) от 13.04.2013 года // Источник: Информционная система «Параграф», 10.02.2016.*

[9] *Обобщение судебной практики рассмотрения гражданских дел об усыновлении (удочерении) от 13.04.2013 года // Источник: Информацтонная система «Параграф», 10.02.2016.// Generalization of the judicial practice of considering civil cases of adoption of April 13, 2013 // Source: Paragraph Information System, 10.02.2016.*

ралы» Кодекстің 61-бабына сәйкес бала ата-аналарымен, ата-әжелерімен, ағаларымен, апа-сіңлілерімен, және басқа да туысқандарымен қарым-қатынас жасауға құқылы. Ата-анасының некесін (некесін) бұзу, оны жарамсыз деп тану немесе ата-анасының бөлек тұруы баланың құқықтарына әсер етпеуі керек. Яғни, ұлттық менталитетті ескерсек, бала тек ата-аналарына ғана тән емес, әжесінде тәрбиеленіп, ата-әжесіне және басқа да туыстарына тән болуы мүмкін. Сот тәжірибесінде бұл құқық нормасы талай рет талқыға түскен.

Атап айтқанда, кейбір соттар әжелердің немерелерімен қарым-қатынас жасау уақытын анықтауға қатысты талаптарын қанағаттандырудан бас тартты, себебі олар заңнамада баланың ата-әжелерімен қарым-қатынас жасау құқығы бар болғанымен, оны негіздеу қарастырылмаған, сондықтан сот мұндай талаптарды орындауға құқылы емес деп тапқан.

Азаматтық істер бойынша азаматтың (баланың әжесінің Б) талап-арызы негізінде немересімен қарым-қатынас жасау уақытын анықтау туралы, талапты орындаудан бас тарту, апелляциялық сатыдағы қаулының күшін жою және бірінші сатыдағы соттың талап арызды қанағаттандыру туралы шешімімен келісуі келесіден туындаған. Талапкер сотқа наразылық білдіру туралы арызын бергенде, өзінің жалғыз ұлы, офицер қызметіндегі міндеттерін атқару кезінде қайғылы қаза болғанын көрсеткен. Оның жауапталушымен бір некеден 2009 жылдың 24 мамырында туған қызы бар, алайда, күрделі қарым-қатынастар себебінен оның жалғыз немересімен байланысуға құқығы жоқ. Ол немересінің бала кезінен тек анасының туған-туыстарымен ғана емес, әкесі жағының туыстарын да біліп, араласқанын қалайды. Жоғарғы Соттың сот алқасы жоғарыда аталған заң нормаларына сүйене отырып, талапкердің сотқа талап қойылуы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекстің 61-бабының ережелерімен өзара байланыстылығын көрсетеді, себебі жауапкер мен сотталушы арасындағы қарым-қатынаста, бала, әлі кіші жаста болғандықтан, әжесімен әңгімелесу құқығын жүзеге асыруға мүмкіндігі жоқ. Бұған қоса, бұл жағдайда респонденттің (баланың анасы) жағынан құқық бұзушылық бар [5, 6].

Баланың атына, әкесінің атына және тегіне құқығы адамның ең маңызды жекешелендіруші қасиеті ретінде қарастырылады және тиісті субъективті заңның мазмұны ретінде анықталады. Баланың туылуын тіркеу тәртібін реттейтін ережелерді талдай отырып, бала жеке дараланған сипатқа ие болмай тұрып, аты-жөніне құқықлы екенін пайдаланады, оның басты ерекшелігі - субъект ретінде, жаңа туған нәресте болып табылатындығы деп қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Бұл бірегей жағдай: субъективті құқық (есімге құқығы) субъект атынан емес, оның басқа барлық құқықтары сияқты, бала туылған кезден бастап пайда болатын, өмір сүру құқығымен тең, дүниеге келу фактісіне байланысты екенін білдіреді [6, 23-24]. Атын таңдаған кезде екі мүдде қатар келеді: жеке – баланың мүдесі, таңдалған есім болашақта баланың мүддесіне зиян келтірмеуі керек, келесі ұсынылған - көпшіліктің мүддесін білдіретін, себебі мемлекеттің тілдік және мәдени ерекшелігін сақтау ниетіндегі жосықсыз, саясиланған есім болуы әбден мүмкін.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 63, 64-баптарына сәйкес, балаға есімді ата-анасы, немесе олардың келісімімен басқа да баланың заңды өкілдері береді. Әкесі ата-анасының немесе басқа заңды өкілдердің қалауы бойынша әкесідеп көрсетілген атпен беріледі. Екі атаудан артық емес, жеке жазылатын қосарланған есім беруге рұқсат бар. Әкесінің есімі қос есім болған жағдайда, балаға олардың біреуі немесе әкесінің екі атауының біріктірілген жазбасы тағайындалады». Павлодар облысында шенеуніктер шамамен бір жарым ай  Бату-Хан деген ерекше есімді нәрестені тіркеуден бас тартқан. Мұның себебі есімнің екі бөлімі арасындағы сызықша белгісі болды. Ақсу қаласының тіркеу бөлімінде ата-аналарға балаларға қос есім беруге болатынын, бірақ сызықша арқылы жазуға болмайтындығы айтылды. Алайда, жаңа туған баланың әкесі Алтынбек Ахметжанов ұлына ұлы Моңғол командирінің атын беруді шешті[10]. Павлодар облысының шенеуніктерінің нәрестеге Бату Хан есімін тіркеуден бас тартуы заңсыз деп табылды, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 63-бабына сәйкес «бала есімге, әкесінің атына және тегіне құқығы бар. Балаға есімді ата-анасы немесе олардың келісімімен баланың басқа заңды өкілдері береді»[11].

Бұл жағдайда, Кодекстің 5-бабына сәйкес, қолдануға қайшы келмейтін ұқсас қарым-қатынастарды реттейтін ережелер нұсқасы қолданылады. Осы орайда, біз тіркеуші органның әрекеті қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес келмейді. Осы мәселе бойынша құқық қолдану тәжірибесін зерттегеннен кейін осы саладағы қызметті реттейтін нормативтік құқықтық актілерге, атап айтқанда,

[10] *Отец отстоял у чиновников необычное имя для сына // https://news.mail.ru/society/27722004/?frommail=1*
[11] *Қазақстан Республикасының «Неке (отбасы) және отбасы туралы» Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл. // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518*

«Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, күшін жою қағидаларына»[12] толықтырулар енгізу қажеттілігін қарастырамыз.

Ресми жарияланған мәліметтер бойынша, 2012-2016 жылдар аралығында тууды тіркеу барысында барлығы 9 858 балаға қос есім берілген, солардың ішінде 2 261 есімі сызықша арқылы жазылған, ал 7 597 есімде сызықша қойылмаған. Осындай есімдерді тіркеуге қатысты азаматтар дауламаған[13].

Балаларға қос есім беру туралы норма 2011 жылы 26 желтоқсанда «Неке (отбасы) және отбасы туралы» Кодексінің қабылдануымен енгізілген. Қолданыстағы заңнамада есімдердің арасына сызықша белгісін қоюға тиым салынбаған. Кодексте азаматтарға некеге дейінгі тегіне екінші жұбайының тегін қосып жазуға сызықша арқылы жазу туралы норма бекітілген (225-баптың 3-бөлімі).

Осылайша, жалпы субъективті құқықтардың массасынан баланың жеке мүліктік емес құқықтарын бөлуге болатын бірқатар мүмкіндіктерді талдай отырып, біз келесідей қорытындыларға келеміз:

1) Баланың жеке мүліктік емес құқықтары субъективті жеке құқықтар ретінде тұлғаның жеке басына қатысты, бала туған сәттен бастап туындайтын, баланың рухани дамуын қамтамасыз етуге және қоғамның толыққанды мүшесі болып қалыптасуына тәрбиелеуге бағытталғандығымен айқындалады.

2) «Бала құқықтары туралы» Конвенцияның 12-бабында баланың өзіне қатысты барлық мәселелер бойынша өз пікірін еркін білдіру құқығы бекітілген. Қолданыстағы заңнамада бекітілген балаға өз пікірін білдіруге құқық беретін 10 жасқа дейінгі жас шамасы Конвенцияның 12-бабына қайшы келеді, онда «баланың көзқарасына баланың жасына және жетілуіне сәйкес тиісті көңіл бөлінеді» делінген. Сот тәжірибесінің біртұтастығын қамтамасыз ету үшін, оның мүдделеріне қатысты кез-келген мәселені шешуде он жасқа байланысты емес, өзінің көзқарасын қалыптастыра алатын баланың пікірін ескеру қажет. Осыған байланысты,

- кәмелетке толмаған баланың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын істерде, сот талқылауы барысында баланың өз көзқарасын білдіру мүмкіндігі, тыңдалуға құқығы туралы заңнамада белгіленген ең төменгі жасты алып тастау ұсынылады.

- Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасында «Баланың құқықтары туралы» Конвенцияның 12-бабында бекітілген балаға қатысты барлық мәселелер бойынша өз пікірін еркін білдіру құқығын іске асыру ұсынылады.

3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 102-бабында асырап алудың құпиясын белгілейді, осылайша асырап алынған баланың өзінің биологиялық ата-аналарын білу құқығын бұзады. Осыған байланысты баланың «Бала құқықтары туралы» БҰҰ конвенциясының 7-бабымен реттелетін ата-анасын білу құқығын ұлттық заңнамада жүзеге асыру ұсынылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

*1. Темникова Н.А. Реализация и защита личных неимущественных прав ребенка в семейном праве России: автореф. дисс. канд.юрид.наук. Екатеринбург, 2006. - 27 с. // http://netess.ru/3yuridicheskie/79722-1-realizaciya-zaschita-lichnih-neimuschestvennih-prav-rebenka-semeynom-prave-rossii.php*

*2. Лыкова Н. «До 2020 года в Казахстане появятся порядка 9 детдомов семейного типа» 4.09.2014 г. // https://i-news.kz/news/2014/09/04/7708075-do_2020_goda_v_kazahstane_poyavyatsya_po.html*

*3. Муликова С.А., Кенжебаева С.К., Абдакимова М.К. Практика социальной работы с детьми-сиротами и детьми, оставшимися без попечения родителей в Казахстане // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2015. - №11. – С. 102-105.*

*4. Антокольская М.В. Семейное право. Изд. 2-е, перераб. и доп. – М.: Юристъ, 2006. - 321 с.*

*5. Ак-Куова Г.Б. Вопросы защиты прав ребенка в законодательстве Республики Казахстан // http://www.enu.kz*

*6. Матвеева М.В. Права ребенка в семейном праве: проблемы законодательства, теории и практики. Автореф. дисс. канд.юрид.наук. – М, 2017. - 30 с..*

[12] *Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 112 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 21 сәуірде № 10764 тіркелді. // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010764*

[13] *Отказ в регистрации имени Бату-хан в Павлодарской области признали незаконным // https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/otkaz-registratsii-imeni-batu-han-pavlodarskoy-oblasti-305978/*